

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		57/11() 8 беттің 16еті

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның 1 аралық бақылауға арналған сұрақтары;

Пәні: Жедел медициналық көмек – 2

Пән коды: ZhMK 5302-2

ББ шифры мен атауы: 6B10101«Жалпы медицина»


Оқу сағаты/кредит көлемі: 120 сағат/ 4 кредит

Оқу курс мен семестрі: 5 курс, 10 семестр

Құрастырған: кафедра ассистенті Ерімбет Б. М.

Хаттама № «11» «26» 06 2025ж.

Кафедра менгерушісі м.ғ.к., доцент



Сейдахметова А.А.

Шымкент, 2025 ж.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы	57/11()
Бақылау өлшеу құралдары	8 беттің 26еті

Бағдарламаның 1 аралық бақылауға арналған сұрақтары:

1. Жарақат кезіндегі көмектің негізгі этаптары.
2. МҚЖБ. Жіктелуі. Клиникасы. Жедел жәрдем дәрігерінің тактикасы.
3. Ми қан айналымы жіті бұзылысында ауруханаға дейінгі этапта алғашқы дәрігерлік көмек алгоритмін жазыңыз.
4. Ботулизм. Клиникасы. Диагностикасы. Жедел жәрдем дәрігерінің тактикасы.
5. Жарақаттық шок клиникалық көрінісі (кезендерін) диагностикалау, Шоктық индекс.
6. Нәрестелерге жүрек-өкпе реанимациясын жасау алгоритмі.
7. ЖРВИ, клиникасы, диагностикасы, асқынуларын жазыңыз. Госпиталға дейінгі кезеңде көмек көрсету алгоритмі.
8. Тырысу синдромы. Клиникасы. Диагностикасы. Жедел жәрдем дәрігерінің тактикасы.
9. Жатырдан тыс жүктілікті басқа жіті іш қуысының ауруларымен ажыратпалы диагностикасын жазыңыз.
10. Тағамдық токсикоинфекция клиникасы, диагностикасы. Жедел жәрдем дәрігерінің тактикасы.

Ситуациялық есептер:

1. Науқас Т., 20 жаста, құрылыс кезінде бетон қабырғаларының бөліндісінен оң жақ кеуде қуысына қатты соққы алған. Шағымдары: күрт ауырсыну, ауа жетіспеушілік сезімі. Айқын цианоз. Тыныс алуы беткей 36 рет мин. Пульс 110 соққы мин., ырғақты, АҚҚ = 140/100. Перкуторлы дыбыс оң жақта қорап тәрізді. Тыныс күрт әлсіреген. Аускультацияда " қар сықыры "естіледі, пальпацияда - кеуде қабырғасының консистенциясы қамыр тәрізді және жұмсақ тіндерінде газды крепитация анықталады. 3 және 4 қабырға аралықта алдыңғы және артқы қолтықтасты сызықтары арасында демалғанда кеуде қабырғасының ішке енуі байқалады. Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негіздеңіз.
2. Науқас суға секіріп жүзу кезінде басымен соғылды. Мойын омыртқасының ауырсыну мазалайды. Объективті: басс мәжбүрлі жағдайда. V және VI мойын омыртқаларының сүйір өсінділері пальпацияда ауырсынады. Осы омыртқалардың өсінділері елеулі деформацияға ұшыраған. Науқастың басын қозғалту талпыныстары мүмкін емес дерлік, өте қатты ауырсынады және айтарлықтай шектеулі. Аяқ-қолдың сезімталдық және қимылдық функциясы толық сақталған.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		57/110 8 беттің 3беті

Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негіздеңіз.

3. Науқастың оң жақ көкірегі оқпен жарақаттанған. Науқаста үдемелі енгігу, қан аралас қақырықты жөтел пайда болған. Тері жабындылары цианозды. Суық тер. Тыныс алу айтарлықтай қиын. Пульс 120 рет минутына. Бұғана орта сызығы бойында 3-ші оң жақ қабырға деңгейінде көлемі 1х1 см жара, оң жақ жауырынның төменгі бұрышында өлшемі 2,5х2,0 см екінші жара анықталды. Тері асты қабатының эмфиземасы мойынға, бетке, ішке таралған. Эмфиземаға байланысты көзін ашу мүмкін емес. Жүректің тұйық шекарасы айтарлықтай солға ығысқан. Бесінші мойын омыртқасының денесінде асқынбаған компрессиялық сынығы анықталады. Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негіздеңіз.
4. Науқас М., басына қатты затпен соққы алған. Қысқа уақытқа есін жоғалтқан, жүрек айнуы. "Төбе-маңдай бөлігінің оң жағында – үлкен көлемді қан ағулар, жарақаттар анықталады. Науқас тежелген, енжар. Шағымдары: қатты бас ауыруы; пульс 60 рет соққы мин., кернелген. Қайталап құсу. Анизокория, оң қарашығы кеңейген. Оң жақта сіңірлік рефлексстер төмендеген. Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негіздеңіз.
5. Науқас төбелес барысында сол қолына соққы алады. Соққы білектің жоғарғы үштен бір бөлігіне тиген. Қолда күшті ауырсыну пайда болған. Қолы шынтақ буынында бүгілген, білектің жоғарғы үштен бірі деформацияланған, шынтақ сүйегінің ішке енуі және білектің алдыңғы бетінде томпайған дене анықталады. Тексеру барысында сол шынтақ буынында шыбық сүйегінің басы сезіледі. Пальпация майысқан аймақта өте қатты ауырсыну сезіледі. Зақымдалған білек бірнеше қысқарған. Белсенді және пассивті қозғалыс шектелген. Білезік және білектің сезімталдығы бұзылмаған. Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негіздеңіз.
6. Өрт болған пәтерден шығарылған 7 жасар балаға жедел жәрдем шақырылды. Жалпы қарауда жалпы жағдайы ауыр санасы айқын емес, Глазго шкаласы бойынша кома бағалауы 8 балл. Теріде эритемалар, шырышты қабат ал қызыл түсті. Бет терісінің беткей күйігі. Қас пен кірпік күйген. Аралас сипаттағы енгігу, ішке дем алу кезінде өкпеде дыбысы әлсіз, құрғақ сырылдар бар. Шайнағыш бұлшықеттің спазмы бар. Жүрек тондары ритмді, 1 мин/140 рет, АҚҚ 80/40 мм.сб. іші жұмсақ ауырсынусыз. Бауыры қабырға доғасынан шықпайды, көкбауыр пальпацияланбайды. Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негіздеңіз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		57/110 8 беттің 46еті

7. Жол апатына реанимациялық бригада шақырылды. 10 жасар бала жол өтуінде машинамен соғылған. Жалпы қарауда жағдайы аса ауыр, науқас тежелген. Глазго шкаласы бойынша 12 балл. Көп мөлшерде мұрыннан қан кету. Сол жақ бет сүйегінің аймағында жара анықталған, сол жақ төбе аймағында гематома анықталған. 6.7.8 қабырғалар деформациясы және сол аймақта гематома анықталған. Оң жақ жамбас сүйегінің 3/1 бөлігінде гематома және деформациялар анықталады. Тері жамылғысы бозғылт, акрацианоз. Тыныс алуы беткей 44 рет мин. АҚҚ 70/20. Іші біраз тітіркенген, ауырсынумен, көкбауыр мен бауыр амағында ауырсыну. Несеп қанға боялған. Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезеңді негіздеңіз.
8. 8 жасар бала мектепте ішіне аяқпен соққы алған. Жедел жәрдем бригадасы жарақат алғаннан кейін 20 мин соң келген. Баланың жалпы жағдайы ауыр, санасы айқын, тежелген, тері жамылғылары бозғылт, Тыныс алу жиілеген мин 44 рет, Пульс 140 рет, АҚ 70/20. Аускультацияда өзгеріссіз, пальпацияда іші қатайған, оң жақ қабырға астында ауырсыну, несептің түсі ашық түсті. Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезеңді негіздеңіз.
9. Науқас У. 68 жаста ішінің төменгі бөлігінің ұстама тәрізді ауырсынуына, сегіз көзге иррадиациялануына, ішінің кебуіне, 3 күннен бері үлкен дәреттің болмауына шағымданып келді. Ауруы біртіндеп дамыған, бірнеше жылдан бері іш қатуымен ауырады, шағымдары соңғы жылы бірнеше рет қайталанған, бірақ тазалау клизмасынан соң басылған. Науқастың жалпы жағдайы қанағаттанарлық, дене температурасы қалыпты, пульс 68 рет/мин, тілі ақ жабындымен жабылған. Іші кепкен, пальпацияда ауырсынады. Перкуссияда – жоғары тимпанит. Ректальді тексеруде – тік ішектің ампуласы бос, сфинктер босаңсыған. Сифонды клизманы жасау кезінде – 350 мл сұйықтықты енгізген соң кері шығады. Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезеңді негіздеңіз.
10. Науқас 63 жаста, өт-тас ауруымен ауырады, ем дәм бұзылуына байланысты іштің жоғарғы бөлігінің кенеттен пайда болған ауырсынуы, арқаға таралады, өтпен көп бөлінетін құсу, гипертермия 37,6-ға дейін, қалтырау. Но-шпа қабылдағаннан кейін ауырсыну басылған. 1 тәуліктен кейін терінің сарғаюы пайда болған, іштің ауырсынуы сақталған. Объективті: Жағдайы орташа ауырлықта. Терісі және көз склерасы сарғайған. Пульс минутына 90 рет. АҚҚ 120/80 мм сн.бн. Тілі ылғалды, ақ жабындымен қапталған. Іші жұмсақ, керілген, эпигастрий аймағының ауырсынуы. Перитониальды симптомдары жоқ. Өт қабы пальпацияланбайды. Лейкоциттер $10,2 \cdot 10^9$ /л, қандағы билирубин 60 мкмоль/л. Зер диастазасы- 1024 ЕБ. Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезеңді негіздеңіз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		57/110 8 беттің 5беті

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның 2 аралық бақылауға арналған сұрақтары;

Пәні: Жедел медициналық көмек – 2

Пән коды: ZhMK 5302-2

ББ шифры мен атауы: 6B10101 «Жалпы медицина»


Оқу сағаты/кредит көлемі: 120 сағат/ 4 кредит

Оқу курс мен семестрі: 5 курс, 10 семестр

Құрастырған: кафедра ассистенті Ерімбет Б. М.

Хаттама № « 11 » « 26 » 06 2025ж.

Кафедра менгерушісі м.ғ.к., доцент



Сейдахметова А.А.

Шымкент, 2025 ж.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы	57/11()
Бақылау өлшеу құралдары	8 беттің 6беті

Бағдарламаның 2 аралық бақылауға арналған сұрақтары:

1. Инфекциялық-токсикалық шок,жіктелуі, клиникасы, диагностикасы. Жедел жәрдем дәрігерінің тактикасы.
2. Жарақат кезіндегі көмектің негізгі этаптары.
3. Аяқ қолдар сынғанда дәрігерлік көмек иммобилизациялау тәсілдерін жазыңыз.
4. Қан кету түрлері, клиникасы. Жоғалтқан қан көлемін анықтау тәсілдері. Жедел жәрдем дәрігерінің тактикасы.
5. Гиповолемиялық шок кезінде шұғыл жәрдемді жазыңыз.
6. Жатырдан тыс жүктілік, клиникасы, диагностикасы. Жедел жәрдем дәрігерінің тактикасы.
7. Асқазаннанқан кету, клиникасы, диагностикасы. Жедел жәрдем дәрігерінің тактикасы.
8. Алкогольдік уланудың клиникасы, диагностикасы. Жедел жәрдем дәрігерінің тактикасы.
9. Көмірқышқыл газымен улану, клиникасы, диагностикасы. Жедел жәрдем дәрігерінің тактикасы.
10. Жедел аппендицит, клиникасы, диагностикасы. Жедел жәрдем дәрігерінің тактикасы.

Ситуациялық есептер:

1. Науқас 48 жаста, ауырғаннан кейін 4 сағаттан соң ауруханаға түскен. Ауруы жедел басталған, эпигастрий аймағының жедел ауырсынуы,бір рет құсу болған, үлкен дәрет болмаған. Ұстама кезінен бастап іштің кебуі басылмаған. Қараған кезде іштің оң жақ бөлігінің ауырсыну, көбіне оң жақ мықын аймағында. Физикалық зерттеуде іштің кернеуі, оң жақ мықын аймағында тітіркену симптомы оң мәнді.Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негіздеңіз.
2. 30 жастағы жүкті әйелге, есін жоғалтуына байланысты жедел жәрдем бригадасын шақырған. Жүктілік 32 апта. Туысқандарынан сұрастыру кезінде, жедел жәрдем келгенге дейін құрысу ұстамасы болғаны анықталды. Созылмалы пиелонефритпен және Артериальды гипертензиямен зардап шегеді. Қарау кезінде: ес - түссіз жағдайда. АД 180/100 мм.с.б.б. пульс 100 рет/мин.тыныс алу жиілігі 30 рет/мин. Алдыңғы құрсак қабырғасында және аяқтарында айқын ісіну бар. Жатыры гипертонуста. Жыныс жолдарынан көлемі 50 мл - дей қызғылт түсті бөліндінің бөлінуі.Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз.Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негіздеңіз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы	57/11()
Бақылау өлшеу құралдары	8 беттің 7беті

3. Әйел 35 жаста, дене қызуының 39С қа көтерілуіне, іштің төменгі бөлігінде қатты ауырсынуға, іш кебуге, нәжіс пен газдың бөгелуіне, құсып лоқсуыны байланысты ЖМК шақырған. Анамнезінде: жыныстық өмірін 22 жаста бастаған, тұрмыста. 3 жүктілік болған, бір апта бұрын жатыр қуысына химиялық зат енгізу арқылы аборт жасатқан. Объективті: жағдайы орташа ауырлықта, пульсі 100 р мин, АҚҚ-120/80 мм.см.б. Т-39 С.Тілі құрғақ, іштің төменгі бөлігі ауырсынулы. Щеткина-Блюмберг симптомы оң мәнді. Ұрғылау симптомы теріс мәнді, жүктілікке тест теріс мәнді.Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңызШұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негізденіз.
4. Науқас М., 46 жаста қабылдау бөліміне мынадай шағымдармен жеткізілді: басының қатты ауруы, ерін және тіл аймағында парестезия, сөйлей алмауы. Анамнезінде: көп жылдан бері артериальды гипертензиямен ауырады, гипотензивті препараттарды күнделікті қолданбайды.Объективті: жағдайы ауыр. Науқас сұрақтарға жауап бермейді; мимикалық бұлшықеттердің айқын ассиметриясы анықталады, қарашықтар көлемі әртүрлі; сол жақта мұрын-ауыз қатпарының тегістелуі, аузының сол жақ бұрышының түсіп кетуі, сол жақтық параплегия. Жүрек шекаралары сол жаққа ығысқан; жүрек жұмысы ырғақты, аортада II тон акценті. ЖСЖ 99 рет/мин., АҚ 190/110 мм с.б.б. Өкпесінде везикулярлық тыныс, сырыл жоқ. ТАЖ 22 рет/мин. Іші жұмсақ, ауырмайды. Бауыр және көкбауыр үлкеймеген.ЭКГ: V5-6-да R тісшесі амплитудасының жоғарылауы және V1-2-де S тісшесі амплитудасының жоғарылауы, R1=25 мм, V5-6, I, aVL тіркемелерінде RS-T сегменті изолиниядан төмен ығысқан, V5-6, I, aVL-да Т тісшесі екі фазалы.Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз. Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негізденіз.
5. Бала туылғаннан кейін 10 минут өткеннен соң, босанған әйелдің ішінің төменгі бөлігінде қатты ауырсынудан соң, 300мл. қан кетті, жатырдың түбі оңға қисайған, кіндіктен жоғары, түтіктегі кіндік төмен түсті, алақанның қырымен іштің төменгі бөлігін басқан кезде кіндік ішке тартылды. Қан кету жалғасуда. Дәрігердің жалғастыратын іс әрекеті.
6. Науқас төбелес барысында сол қолына сокқы алады. Сокқы білектің жоғарғы үштен бір бөлігіне тиген. Қолда күшті ауырсыну пайда болған. Қолы шынтақ буынында бүгілген, білектің жоғарғы үштен бірі деформацияланған, шынтақ сүйегінің ішке енуі және білектің алдыңғы бетінде томпайған дене анықталады. Тексеру барысында сол шынтақ буынында шыбық сүйегінің басы сезіледі. Пальпация майысқан аймақта өте қатты ауырсыну сезіледі. Зақымдалған білек бірнеше қысқарған. Белсенді және пассивті қозғалыс шектелген. Білезік және білектің сезімталдығы бұзылмаған.Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңызШұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негізденіз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		57/11() 8 беттің 8беті

7. 15 жастағы К деген науқасқа жедел жәрдем шақырылды. Жалпы әлсіздікке, бас айналу, ауа жетіспеушілігіне шағымданады. Анамнезден: әкесімен жанжалдан кейін 10 но-шпа таблеткасын қабылдаған. Объективті: санада, орташа ауырлық дәрежеде. Терісі бозғылт, дымқыл. Өкпеде әлсіз тыныс, ТАЖ минутына 29 рет, жүрек тондары тұйық, қан қысымы 90/40 мм сын. бағ.Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз.Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негіздеңіз.
8. 8 жасар бала мектепте ішіне аяқпен соққы алған. Жедел жәрдем бригадасы жарақат алғаннан кейін 20 мин соң келген.Баланың жалпы жағдайы ауыр,санасы айқын,тежелген,тері жамылғылары бозғылт,Тыныс алу жиілеген мин 44 рет,Пульс 140 рет,АҚ 70/20. Аускультацияда өзгеріссіз, пальпацияда іші қатайған,оң жақ қабырға астында ауырсыну,несептің түсі ашық түсті.Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңызШұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негіздеңіз.
9. Науқастың оң жақ көкірегі оқпен жарақаттанған. Науқаста үдемелі ентігу, қан аралас қақырықты жөтел пайда болған. Тері жабындылары цианозды. Суық тер. Тыныс алу айтарлықтай қиын. Пульс 120 рет минутына. Бұғана орта сызығы бойында 3-ші оң жақ қабырға деңгейінде көлемі 1х1 см жара, оң жақ жауырынның төменгі бұрышында өлшемі 2,5х2,0 см екінші жара анықталды. Тері асты қабатының эмфиземасы мойынға, бетке, ішке таралған. Эмфиземаға байланысты көзін ашу мүмкін емес. Жүректің тұйық шекарасы айтарлықтай солға ығысқан. Бесінші мойын омыртқасының денесінде асқынбаған компрессиялық сынығы анықталады. Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңызШұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негіздеңіз.
10. Науқас М., басына қатты затпен соққы алған. Қысқа уақытқа есін жоғалтқан, жүрек айнуы. "Төбе-маңдай бөлігінің оң жағында – үлкен көлемді қан ағулар, жарақаттар анықталады. Науқас тежелген, енжар. Шағымдары: қатты бас ауыруы; пульс 60 рет соққы мин., кернелген. Қайталап құсу. Анизокария, оң қарашығы кеңейген. Оң жақта сіңірлік рефлексстер төмендеген.
Науқастағы шұғыл жағдайды анықтаңыз
Шұғыл көмек көрсету алгоритмін құрастырыңыз, әр кезенді негіздеңіз.